

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Түркістан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 20 желтоқсандағы № 577 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18, 69-баптары, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабына және бекітілген жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларына сәйкес, Кентау қаласы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне Кентау қаласында орналасқан "Магистралды жылу жүйелері үшін" төменде көрсетілген жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгіленсін.

1) "Солтүстік жылу жүйелері үшін" алаңы 0,5464 га (5464 шаршы метр) жер учаскесі;

2) "Оңтүстік жылу жүйелері үшін" алаңы 0,8732 га (8732 шаршы метр) жер учаскесі ;

3) "Батыс жылу жүйелері үшін" алаңы 0,5384 га (5384 шаршы метр) жер учаскесі;

2. "Кентау қаласының әкімдігінің "Кентау қалалық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Кентау қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Н.Көкеновке жүктелсін.

*Қала әкімі*

*Ж.Тасов*